*Қосымша 1.16*

**Техникалық сипаттама**
**(ЛОТ №16)**

| № | Атауы | Сипаттамасы | Саны | Жоспарланған құны (тг) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Дозаторларға арналған штатив | 6 дозаторға арналған карусель түріндегі штатив<br>Дозаторларға арналған ұстағыш:<br>Заманауи қолмен басқарылатын дозаторлардың барлық негізгі модельдерін орналастыруға жарамды<br>Ұстағыштар конструкциясы әртүрлі өндірушілердің модельдеріне бейімделген<br>Ұстағыш бөліктерін қосымша құрал-саймансыз оңай ауыстыруға болады<br>Тұрақты құрылым:<br>Дозаторларды берік ұстап тұрады<br>Теңгерімді, сырғып кетпейтін негізі бар<br>Жабдықты құлатудан және зақымданудан қорғайды<br>Тасымалдауға ыңғайлы:<br>Ыңғайлы тұтқасы арқылы бір зертханалық үстелден екіншісіне оңай көшіруге болады<br>Кеңейту мүмкіндігі:<br>Қосымша ұстағышпен бірге қолданған жағдайда Multipette® типті көп арналы дозаторларды да орналастыруға мүмкіндік береді | 2 | 218 240 |
| | | 3 дозаторды орналастыруға арналған сызықтық штатив<br>Сызықтық типтегі бұл штатив зертханалық қолданыстағы механикалық және электронды дозаторларды (пипеткаларды) тігінен сақтау және ұйымдастыру үшін арналған. Эргономикалық және әмбебап дизайны көптеген модельдермен үйлесімді. | 10 | 768 800 |
| | **Барлығы** | | 12 | 987 040 |

**Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры** **А.Ошибаева**

**Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы** **А.Айымбетова**

**Ғылым департаментінің жетекші маманы** **Т.Джатаев**

**ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ**

Құны ҚҚС-мен Түркістан қаласына дейінгі (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген. Тауардың құнына қажет болған жағдайда монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары, сондай-ақ персоналды оқыту да енгізілуі тиіс

Әлеуетті жеткізуші Республика Қазақстан аумағында жеткізілетін тауарды пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтер мен талаптарға толық сәйкес келеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өткен, бұл туралы әлеуетті жеткізушінің тиісті құжаттары бар. Тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс. Кепілдік мерзімі пайдалануға берілген күннен бастап кемінде 12 айды құрауы тиіс.

**Төлем шарттары:** алдын ала төлем мөлшері Лоттың жалпы сомасының 100%-на дейін жетуі мүмкін және ол ғылыми жобалар аясында сатып алуды реттейтін университеттің ішкі Ережесінің талаптарына сәйкес сатып алу Комиссиясының шешімімен айқындалады.

Сатып алу комиссиясы әлеуетті жеткізушіден аванстық төлемнің толық сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы. Бұл қамтамасыз ету құжаты келесі нұсқалардың бірінде ұсынылады:

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған Жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

**Жеткізу уақыты:** тауарды жеткізу шартқа қол қойылған күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылуға тиіс.